

**Қазақстан Республикасы ІІМ М. Бөкенбаев атындағы
Ақтөбе заң институты
Ғылыми кеңестің № 4 отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Өткізу уақыты: 2025 жыл «26»11 сағ.:15.00

Өткізу орны: бейне конференц-зал (Әкімшілік ғимарат, 2 қабат)

Ғылыми кеңестің төрағасы:
Есболаев Ғ.

институт бастығы, полиция полковнигі

Ғылыми хатшы:
Қаратаев Т.

полиция полковнигі

Қатысқандар:

Кеңес мүшелері 26
(А. Мерғалиев іс-сапар)

Күн тәртібі мен шешімдер (қоса тіркелді)

Ғылыми Кеңес төрағасы Ғ.Есболаев: Құрметті ғылыми кеңес мүшелері. Бүгін ҒК №4 отырысы өткелі отыр. Күн тәртібінде 21 сұрақ қаралады (жоспар бойынша 21 сұрақ). Қатысушылар сұрақтарыңыз бар ма?

Қатысушылар – Сұрақ жоқ. Қолдаймыз.

1. ТЫҢДАЛДЫ

«Институттың үздік оқытушысы» байқауының өткізілуі туралы (2025-2026 жж ҒК жоспарының 31 тармағы)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Төраға – Құрметті әріптестер! «Институттың үздік оқытушысы» байқауының өткізілуі туралы сұрақ алдын-ала Оқу-әдістемелік кеңестің отырысында талқыланып ғылыми кеңестің отырысына ұсынылып отыр. Сондықтан аталған сұрақ бойынша, баяндама жасау үшін сөз кезегі Оқу-әдістемелік орталығының бастығы полиция полковнигі Н.Чупринюкке беріледі.

Н.Чупринюк –Аталған «Институттың үздік оқытушысы» конкурсының өту ережесі 2025 жылы институт бастығының бекітілгендігін, конкурстың соңғы 3 жыл бойы өткізіліп отырғандығын, Байқаудың Ережесіне сай конкурстың 4 бағыттан тұратындығын: оқу процесі, ғылыми, тәрбие жұмыстары; біліктілігін арттыру бағыты. «Рейтинг» бағдарламасы құрылғандығын айтты. Онда оқытушылардың аталған жұмыстары енгізіліп, балл қойылады. Енгізілген жұмыстары оқу әдістемелік орталық қызметкерлерімен тексеріліп, нәтижесі байқау комиссиясына ұсынылғандығын және байқау комиссиясы нәтижелерді қарай отырып ашық дауыс беру арқылы қорытынды жасалатындығын жеткізді.

2024-2025 оқу жылы нәтижесі бойынша байқау комиссиясының шешімімен келесідей жеңімпаздар анықталғандығын айтты.

1 орын – қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының бастығы, полиция полковнигі Н. Саханова;

2 орын – жалпы білім беретін пәндер кафедрасының оқытушысы А. Мұхтарова;

3 орын – қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының аға оқытушысы, полиция полковнигі Б. Мухамедьярова.

Төраға: Егер жеңімпаздардың жинаған көрсеткіштері бірдей болса сұрақ қалай шешіледі.

Н.Чупринюк – Онда комиссия мүшелерінің дауысқа салуы арқылы анықталады.

Е. Қайнар –Оқу-әдістемелік кеңесіне қарала отырып бір шешімге келгенбіз. Сондықтан аталған ұсынысты қолдауларыңызды сұраймын.

Ғылыми кеңес мүшелері – бір ауыздан мақұлдады.

ШЕШІМ

1 Институттың профессорлық-оқытушы құрамы арасында 2024-2025 оқу жылында өткен «ЖОО үздік оқытушысы» байқауы туралы есебі қанағаттанарлық деп есептелінді.

2 Полиция полковниктері Н. Саханова; Б.Мухамедьярова және А. Мұқтарованы «ЖОО үздік оқытушысы» байқауының жеңімпаздары ретінде тану жөнінде ұсыныс мақұлданды.

3 «ЖОО үздік оқытушысы» байқауының жеңімпаздары институт бастығына марапаттауға ұсынылсын.

2. ТЫНДАЛДЫ

2025-2026 оқу жылының 1 курс курсанттарының мемлекеттік емтиханының (Қазақстан тарихы пәні бойынша) жұмыс кестесін талқылау (2025ж.қ.) (2025-2026 жжж FK жоспарының 32 тармағы)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Төраға –2025-2026 оқу жылының 1 курс курсанттарының мемлекеттік емтиханының (Қазақстан тарихы пәні бойынша) жұмыс кестесін талқылау (2025ж.қ.) сұрағы алдын-ала Оқу-әдістемелік кеңестің отырысында талқыланып ғылыми кеңестің отырысына ұсынылып отырғандығына тоқтала келе, аталған сұрақ бойынша, баяндама жасау үшін сөз кезегін Оқу-әдістемелік орталығының бастығы полиция полковнигі Н.Чупринюкке берді.

Н.Чупринюк – Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының бекітілген академиялық күнтізбесіне сәйкес (бұдан әрі – Институт) 1 курс курсанттарына (2025 ж. қ.) 2025 жылдың 15 мен 26 желтоқсан аралығында Қазақстан тарихы пәні бойынша мемлекеттік емтиханды өткізу жоспарланып отырғандығын жеткізді

Оқу-әдістемелік кеңес отырысының 2025 жылғы 08.10. № 3 хаттамасы және ғылыми кеңес отырысының 2025 жылғы 22.10. № 3 бекітілген хаттамасына сәйкес, 2025-2026 оқу жылының 1 курс курсанттары (2025 ж.қ.) үшін Қазақстан тарихы пәні бойынша мемлекеттік емтиханды билетпен (ауызша) өткізу нысаны бойынша және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2016 жылғы 13 қаңтардағы № 20 бұйрығының 65-тармағына сәйкес, «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» (бұдан әрі – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2016 ж. 13.01. № 20 бұйрығы), мемлекеттік емтихан комиссиясының отырысының ұзақтығы күніне 6 академиялық сағаттан аспайды деп көрсетілген) осыған сәйкес кесте әзірлендігін, онда кеңестер және мемлекеттік емтиханды өткізу мерзімдері қамтылғандығын атап кетті. Сонымен қатар, 15 желтоқсан (сағ. 9.00-15.20) – «Қазақстан тарихы», пәні бойынша кеңес; 17-26 желтоқсан аралығында – «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан өткізіледі. Курсанттар 8 топқа бөлінді, әр топ 11-13 курсанттан екіге бөлінетіндігін көрсетті.

Төраға – төраға кім болатындығын сұрады..

Н.Каирова - Аталған комиссия мүшелері толық құрылғандығын. Төраға ретінде А. Жұбанов университетінің профессоры және кафедра мүшелері тартылатындығын жеткізді.

Е. Қайнар – аталған мәселелер толық шешілген айтты.

Ғылыми кеңес мүшелері – бір ауыздан мақұлдады. Қалыс қалған жоқ.

ШЕШІМ

1. 2025-2026 оқу жылының 1 курс (2025 ж.ж.) курсанттарына Қазақстан тарихы пәні бойынша мемлекеттік емтиханды өткізу кестесі мақұлданды.

2. «Жалпы білім беру пәндері» кафедрасы Қазақстан тарихы пәні бойынша мемлекеттік емтиханның бекітілген кесте бойынша өткізілуін қамтамасыз етілсін.

3. Кәсіби даярлық факультеті бекітілген кестеге сәйкес мемлекеттік емтиханды ұйымдастыру қамтамасыз етілсін.

3 ТЫНДАЛДЫ

«Қарқынды кәсіби дайындық жағдайында ішкі істер органдары курсанттарының күйзеліске төзімділігін және эмоционалды зияткерлігін дамытудың өзекті мәселелері» ғылыми-зерттеу тақырыбы бойынша қорытынды есебін талқылау (2025-2026 жж ФК жоспарының 36 тармағы)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Төраға – Құрметті әріптестер! «Қарқынды кәсіби дайындық жағдайында ішкі істер органдары курсанттарының күйзеліске төзімділігін және эмоционалды зияткерлігін дамытудың өзекті мәселелері» ғылыми-зерттеу тақырыбы бойынша қорытынды есебін талқылау кеңес отырыстарында талқыланып ғылыми кеңестің отырысына ұсынылып отыр. Сондықтан аталған сұрақ бойынша, баяндама жасау үшін сөз кезегі Кәсіби-психологиялық дайындық және ІІО басқару кафедрасының аға оқытушысы полиция подполковнигі Т.Бисеноваға беріледі.

Т. Бисенова - Құрметті әріптестер! Аталған тақырып бойынша зерттеу жұмыстары кафедраның бастамасымен әзірленді.

Н. Каирова – «Қарқынды кәсіби дайындық жағдайында ішкі істер органдары курсанттарының күйзеліске төзімділігін және эмоционалды зияткерлігін дамытудың өзекті мәселелері» ізденіс тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары жан-жақты қаралған. Жергілікті ішкі істер органдарымен зерттеу барысында бірлескен жұмыстар жасалынған. Қолданыстағы бірқатар нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер жасау ұсынылады.

Сонымен қатар аталған сұрақ бойынша – Н. Чупринюк; М. Найманбаев; Н. Саханова сөз алды.

Ғылыми кеңес мүшелері – бір ауыздан қорытынды есепті мақұлдады.

Қалыс қалғандар жоқ

ШЕШІМ

1. «Қарқынды кәсіби дайындық жағдайында ішкі істер органдары курсанттарының күйзеліске төзімділігін және эмоционалды зияткерлігін дамытудың өзекті мәселелері» ғылыми-зерттеу тақырыбы бойынша қорытынды есебі мақұлданды және институт бастығына бекітуге ұсынылды.

2. «Қарқынды кәсіби дайындық жағдайында ішкі істер органдары курсанттарының күйзеліске төзімділігін және эмоционалды зияткерлігін дамытудың өзекті мәселелері» ғылыми-зерттеу тақырыбы бойынша қорытынды есебі номенлатуралық іске тіркелсін.

3 ТЫНДАЛДЫ

«Қылмыстық-құқықтық пәндерді оқыту әдістемесін жетілдіру» ғылыми-зерттеу тақырыбы бойынша қорытынды есебін талқылау (2025-2026 жжжс ҒК жоспарының 35 тармағы)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Төраға – Құрметті әріптестер! «Қылмыстық-құқықтық пәндерді оқыту әдістемесін жетілдіру» ғылыми-зерттеу тақырыбы бойынша қорытынды есебін талқылау кеңес отырыстарында талқыланып ғылыми кеңестің отырысына ұсынылып отыр. Қорытынды есеп қылмыстық құқық және криминология кафедрасының отырысында талқыланып мақұлданған (2025 жылғы 6 қарашадағы №6 хаттама) және Ғылыми-әдістемелік кеңесте мақұлданып Ғылыми кеңеске қарауға ұсынылған (2025 жылғы 18 қарашадағы №11 хаттама). Сондықтан аталған сұрақ бойынша, баяндама жасау үшін сөз кезегі Қылмыстық құқық кафедрасының аға оқытушысы полиция подполковнигі Л. Жубандыковаға беріледі.

Л. Жубандыкова - «Қылмыстық-құқықтық пәндерді оқыту әдістемесін жетілдіру» тақырыбындағы ғылыми зерттеудің Институттың 2025 жылына арналған ғылыми-зерттеу қызметі жоспарының 10-тармағын басшылыққа ала отырып қылмыстық құқық және криминология кафедрасының ұжымымен жүзеге асырылғандығын атап кетті. Сонымен қатар зерттеудің мақсаты ретінде білім алушыларды даярлау сапасын арттыруға, олардың қылмыстық құқық саласындағы кәсіби дағдылары мен құзыреттерін дамытуға бағытталған қылмыстық-құқықтық пәндерді оқыту әдістемесін жетілдіру үшін тиімді әдістер мен тәсілдерді әзірлеу және негіздеу, сондай-ақ құқық қорғау практикасының қазіргі заманғы талаптары контекстінде білім алушыларда терең білімді қалыптастыру болатындығын, осыған байланысты жұмыс тобымен барлық іс-шаралар толық атқарылып, қорытынды есеп әзірленгендігін жеткізді.

А. Сахарбай - Зерттеу барысында қылмыстық-құқықтық пәндерді оқыту ерекшеліктерін жан-жақты талдау үшін аналитикалық, бақылау, салыстырмалы, моделдеу, эксперименттік, социологиялық, статистикалық және синтез зерттеу әдістері кешенді түрде қолданылғандығын жеткізді. Қорытынды есеп кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды мен қосымшалардың құрылған. Мазмұнында бекітілген жұмыс бағдарламаның келесідей тармақтарын жүзеге асыру бойынша нәтижелер көрсетілген:

Н. Каирова - аталған қорытындымен танысқандығын, 025 жылғы 23 мамырда жұмыс тобының «Қылмыстық-құқықтық пәндерді оқыту әдістемесін жетілдіру» тақырыбында халықаралық дөңгелек үстел өткізгендігін, оған көп оқу орындар өкілдерінің тартылғандығын жеткізді.

Е. Қайнар –Ғылыми-зерттеу жұмысының аяқталған нәтижесі ретінде авторлық ұжымымен «Қылмыстық-құқықтық пәндерді оқыту әдістемесін жетілдіру» атты оқу құралының әзірленгенін және оның ведомстволық жоғары оқу орнында қылмыстық құқықты оқыту үрдісін жетілдіруге арналған зерттеу нәтижелерін және әдістемелік ұсыныстарды кешенді түрде қамтитын ғылыми-әдістемелік өнім болатындығына тоқталды.

Сонымен қатар аталған сұрақ бойынша – Н. Чупринюк; Т. Қаратаев; Н. Саханова сөз алды.

Ғылыми кеңес мүшелері – бір ауыздан қорытынды есепті мақұлдады.

Қалыс қалғандар жоқ

ШЕШІМ

1. «Қылмыстық-құқықтық пәндерді оқыту әдістемесін жетілдіру» ғылыми зерттеу тақырыбы бойынша қорытынды есебі мақұлданды және институт бастығына бекітуге ұсынылды.

2. «Қылмыстық-құқықтық пәндерді оқыту әдістемесін жетілдіру» ғылыми-зерттеу тақырыбы бойынша қорытынды есебі номенлатуралық іске тіркелсін.

3. (Л.А.Жубандыкова, Д.С.Муканова, Л.М.Туребекова)
«Қылмыстық-құқықтық пәндерді оқыту әдістемесін жетілдіру» атты оқу құралы мақұлданып баспаға ұсынылды.

Мерзімі: 2025 ж. желтоқсан

Жауапты: кафедра

4 ТЫҢДАЛДЫ

«Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алудың өзекті мәселелері және оларды шешу жолдары» ғылыми-зерттеу тақырыбы бойынша қорытынды есебін талқылау (2025-2026 жж ЖК жоспарының 33 тармағы)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Төраға – «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алудың өзекті мәселелері және оларды шешу жолдары» ғылыми-зерттеу тақырыбы бойынша қорытынды есебін талқылау кеңес отырыстарында талқыланып ғылыми кеңестің отырысына ұсынылып отыр. Сондықтан аталған сұрақ бойынша, баяндама жасау үшін сөз кезегі ТЗЗААБМДжМКДЖ бөлімінің бастығы, полиция полковнигі М. Найманбаевқа беріледі.

М. Найманбаев - «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алудың өзекті мәселелері және оларды шешу жолдары» тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу жұмысы туралы қорытынды есеп Институттың 2025 жылға арналған ғылыми-зерттеу қызметінің жоспары шеңберінде жасалды (№ 3 позициясы).

Осы зерттеудің мақсаты отбасылық-тұрмыстық қатынастардың алдын алудың қолданыстағы әдістері мен тәсілдерін зерделеу және талдау болып табылады. Сондай-ақ зерттеудің мақсаты тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін әкімшілік жауапкершілікке тарту, отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтардың ескерту және алдын алу процесінде қалыптасатын қоғамдық қатынастар болып табылады.

Қорытынды есеп 142 парақтан (қазақ тілінде - 71, орыс тілінде - 71) тұрады, оның мазмұнына 4 негізгі бөлім (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды және пайдаланылған дереккөздер тізімі) енгізілген, сондай-ақ 41 дереккөзден және 6 қосымшадан (библиографиялық каталог, мақалаларға сілтемелер, азаматтарға сауалнама жүргізу, мақалалардың бедерлері, оқу құралы және семинар туралы есеп) тұрады.

Қорытынды есеп ағымдағы жылғы 31 қазанда Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша мамандарды даярлау орталығының отырысында (№ 17 хаттама) қаралды. Сонымен қатар, ағымдағы жылдың 18 қарашада қорытынды есеп Ғылыми-әдістемелік кеңестің отырысында (№11 хаттама) қаралып, шешімнің қорытындысы бойынша қорытынды есепті Ғылыми кеңестің отырысында қарауға ұсынылды.

Т. Қаратаев – «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алудың өзекті мәселелері және оларды шешу жолдары» ізденіс тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары жан-жақты қаралған. Жергілікті ішкі істер органдарымен зерттеу барысында бірлескен жұмыстар жасалынған. Қолданыстағы бірқатар нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер жасау ұсынылады.

Сонымен қатар аталған сұрақ бойынша – Н. Чупринюк; М. Найманбаев; А. Алимпиев сөз алды.

Ғылыми кеңес мүшелері – бір ауыздан қорытынды есепті мақұлдады.

Қалыс қалғандар жоқ.

ШЕШІМ

1. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша мамандарды даярлау орталықтың авторлық ұжымы дайындаған «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алудың өзекті мәселелері және оларды шешу жолдары» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жұмысы туралы қорытынды есеп кеңестің отырысында мақұлданды және институт бастығына бекітуге ұсынылды.

2. «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алудың өзекті мәселелері және оларды шешу жолдары» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есебі номенлатуралық іске тіркелсін.

Мерзімі: 2025 ж. желтоқсан

Жауапты: М. Найманбаев

5ТЫҢДАЛДЫ

«Профилактика бытового насилия» (авт. М. Найманбаев) оқу құралын талқылау (2025-2026 жжс ЖК жоспарының 22 тармағы, ЖК №3 отырысының шешімі)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Төраға – «Профилактика бытового насилия» ғылыми-зерттеу тақырыбы бойынша қорытынды есебін талқылау кеңес отырыстарында талқыланып ғылыми кеңестің отырысына ұсынылып отыр. Сөз ТЗЗААБМДжМКДЖ бөлімінің бастығы, полиция полковнигі М. Найманбаевқа беріледі.

«Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» оқу құралы Институттың 2025 жылға арналған ғылыми-зерттеу қызметінің Жоспары шеңберінде (№97 позиция) дайындалды.

Оқу құралы 94 беттен тұрады, оның мазмұнына кіріспе енгізілген, 4 негізгі бөлім: 1. Отбасылық қолайсыздық профилактикасының жалпы сипаттамасы. 2. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алудың криминологиялық сипаттамасы. 3. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және оларды шешу жолдары. 4. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу жөніндегі ұсыныстар. Қорытынды. Глоссарий. Пайдаланылған көздер тізімі.

Осы оқу құралдың мақсаты отбасылық-тұрмыстық қатынастардың алдын алудың қолданыстағы әдістері мен тәсілдерін зерделеу және талдау, сондай-ақ аталған құқық бұзушылықтардың тиімді алдын алу үшін ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Аталған оқу құралына Қазақстан Республикасы ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы қосымша білім беру факультетінің бастығы, (PhD) философия докторы, қауымдастырылған профессор (доцент), полиция подполковнигі Д.Қалқаманұлы (сыртқы) және Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты Ғылыми кеңестің ғылыми хатшысы, заң ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі Т.Ж. Каратаев (ішкі) оң пікірлерін берді.

Осы оқу құралына қылмыстық құқық және криминология кафедрасының аға оқытушысы (PhD) философия докторы, полиция подполковнигі Л.Ә. Жұбандыкова сараптама қорытындысын берді.

ШЕШІМ

1. М. Найманбаевтың «Профилактика бытового насилия» тақырыбындағы оқу құралы мақұлданды.

2. М. Найманбаевтың «Профилактика бытового насилия» тақырыбындағы оқу құралы баспаға жіберілсін.

Мерзімі: 2025 ж. желтоқсан

Жауапты: М. Найманбаев

6 ТЫҢДАЛДЫ

«Құқық бұзушылықтың алдын алу және қоғаммен серіктестікте қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету: заңнаманың новеллалары және іске асыру практикасы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдарының жинағын талқылау (2025-2026 жжж ФК жоспарының 37 тармағы)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Төраға: Сөз кафедрасының бастығы полиция подполковнигі Е. Алдияровқа беріледі.

Е. Алдияров - 2025 жылғы 21 қазанда Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының 2025 жылға арналған ғылыми-зерттеу қызметі жоспарымен «Құқық бұзушылықтың алдын алу және қоғаммен серіктестікке қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету: заңнаманың новеллалары және іске асыру практикасы» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өткізілді.

Аталған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция қорытындысы бойынша отандық және шетелдік жоғары оқу орындарының профессорлық-оқытушылық құрамының, магистранттар мен докторанттардың, құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдар қызметкерлерінің заң ғылымдары саласындағы ғылыми зерттеулерінің нәтижелері ұсынылып конференция материалдары жинағы дайындалды. Жинақта барлығы 36 автормен мемлекеттік және орыс тілдерінде конференцияға қатысушылардың ғылыми мақалалары және баяндамалары жарияланды.

Л. Жубандыкова: Конференция тиісті деңгейде өтті. Қатысушылар қатысты.

Сонымен қатар аталған сұрақ бойынша – Н. Каирова; Т. Қаратаев; Е. Қайнар сөз алды.

Ғылыми кеңес мүшелері – бір ауыздан қорытынды есепті мақұлдады.

Қалыс қалғандар жоқ.

ШЕШІМ

1. «Құқық бұзушылықтың алдын алу және қоғаммен серіктестікте қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету: заңнаманың новеллалары және іске асыру практикасы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдарының жинағы мақұлданды.

2. «Құқық бұзушылықтың алдын алу және қоғаммен серіктестікте қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету: заңнаманың новеллалары және іске асыру практикасы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдарының жинағын баспаға жіберу.

Мерзімі: 2025 ж. желтоқсан

Жауапты: кафедра

7 ТЫҢДАЛДЫ

«Қазақстан Республикасының жолдарындағы апаттылықты төмендетудің ғылыми негізделген тәсілдері» ғылыми-зерттеу тақырыбы бойынша қорытынды есебі (2025-2026 жж FK жоспарының 38 тармағы)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Төраға: Сөз кафедрасының бастығы полиция подполковнигі Е. Алдияровқа беріледі.

Е. Алдияров - Көлік объектілерінде қауіпсіздікті ұйымдастыру кафедрасының ұсынысымен институттың 2025 жылға арналған ғылыми-зерттеу қызметі жоспарына сәйкес профессорлық-оқытушылық құраммен ағымдағы жылдың қаңтар-қараша аралығында ғылыми-зерттеу қызметі жүзеге асырылды.

Кафедрамен Қазақстан Республикасы ІІМ Малкеджар Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының 2025 жылға арналған ғылыми-зерттеу қызметінің жоспарының №4 ұстанымына сәйкес «Қазақстан Республикасының жолдарындағы апаттылықты төмендетудің ғылыми негізделген тәсілдері» тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу жұмысы ұйымдастырылды.

Аталған тақырып Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында әділ және тұрақты қоғам құру үшін негіз ретінде заң мен тәртіптің маңыздылығы ұсынылған Үкіметпен бекітілген «Заң және тәртіп» тұжырымдамасы аясында зерттеу жұмысы жүргізуге ұйымдастырылып, оның шеңберінде құқық бұзушылықтарға жедел ден қоюға ғана емес, сонымен қатар азаматтардың құқықтық сауаттылығының алдын алуға және арттыруға да баса назар аударылды.

Жұмыс бағдарламасы және зерттеу кесте-жоспары институтты ғылыми-кеңесі отырысында «31» қаңтар 2025 жылғы №8 хаттамасымен талқыланып мақұлданды.

А. Сахарбай - Жұмыс тобының құрамына енгізілген: кафедра бастығы з.ғ.м., полиция подполковнигі Е.Т.Алдияров, кафедра доценті құқық магистрі, полиция полковнигі З.З.Нұрыш., кафедра аға оқытушысы полиция подполковнигі Қ.Ерланұлы., кафедра аға оқытушысы полиция подполковнигі Г.Н.Токпанбетова., кафедра оқытушысы құқық магистрі, полиция майоры Н.Сисенов.

Зерттеу тақырыбы бойынша жұмыс аясында социологиялық зерттеу нәтижелерін, тиісті әкімшілік, қылмыстық-құқықтық, қылмыстық-процестік әдебиеттің қолданыстағы заңнамасын, эмпирикалық материалды, құқық қорғау органдарының қолда бар практикасын зерделеу және талдау, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ҚСЖАЕК статистикалық деректерін, социологиялық сауалнамаларды зерделеу жүргізіледі. Сондай-ақ, басқа авторлар жүргізген ұқсас зерттеулердің нәтижелері (отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері) зерттелді, осы мәселені зерделеу бойынша Республиканың барлық аймақ тұрғындары мен құқыққорғау қызметкерлері арасында сауалнама жүргізілді.

Аталған ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша ғылыми нәтиженің түрі: «Қазақстан Республикасының ІІО-ның көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметі» оқу құралы мемлекеттік және орыс тілдерінде басылып шықты.

Аталған зерттеу тақырыбы бойынша 2025 жылғы 19 маусымда осы тақырыбыпта халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өткізілді.

Ғылыми кеңес мүшелері – бір ауыздан қорытынды есепті мақұлдады.

Қалыс қалғандар жоқ.

ШЕШІМ

1. «Қазақстан Республикасының жолдарындағы апаттылықты төмендетудің ғылыми негізделген тәсілдері» ғылыми зерттеу тақырыбы бойынша қорытынды есебі мақұлданды және институт бастығына бекітілуге ұсынылды.

2. «Қазақстан Республикасының жолдарындағы апаттылықты төмендетудің ғылыми негізделген тәсілдері» ғылыми-зерттеу тақырыбы бойынша қорытынды есебі номенлатуралық іске тіркелсін.

Мерзімі: 2025 ж. желтоқсан

Жауапты: кафедра

8 ТЫНДАЛДЫ

«Қылмыстық орта және заманауи ақпараттық технологиялар» ғылыми-зерттеу тақырыбы бойынша қорытынды есебін талқылау (Ресей Федерациясы ИМ Орал заң институтымен бірлескен тақырып) (2025-2026 жжж ЖК жоспарының 39 тармағы)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Төраға: Сөз кафедрасының бастығы полиция подполковнигі Е. Алдияровқа беріледі.

Е. Алдияров - «Қылмыстық орта және заманауи ақпараттық технологиялар» ғылыми-зерттеу тақырыбы 2025 жылы Ресей Федерациясы ИМ Орал заң институтымен бірлесіп атқарылды.

Аталған тақырыпта ғылыми зерттеу жұмыстары жүзеге асырылды. Бүгінгі таңда біз жасаған жұмысымыздың қорытындысын аталған оқу орнына жіберуді жоспарлап отырмыз.

А. Сахарбай – Аталған тақырыпта бір жыл көлемінде кафедра оқытушы құрамы ғылыми зерттеу бағытында жұмыстарды атқарды. Ғылыми әдістемелік кеңесте аталған есепті талқыладық. Қолдауларыңызды сұраймын.

Ғылыми кеңес мүшелері – бір ауыздан қорытынды есепті мақұлдады.

Қалыс қалғандар жоқ.

ШЕШІМ

1. «Қылмыстық орта және заманауи ақпараттық технологиялар» ғылыми- зерттеу тақырыбы бойынша қорытынды есебі мақұлданды және институт бастығына бекітілуге ұсынылды.

2. «Қылмыстық орта және заманауи ақпараттық технологиялар» ғылыми- зерттеу тақырыбы бойынша қорытынды есебі Ресей Федерациясы ИМ Орал заң институтына жіберілсін.

3. «Қылмыстық орта және заманауи ақпараттық технологиялар» ғылыми зерттеу тақырыбы бойынша қорытынды есебі номенлатуралық іске тіркелсін.

Мерзімі: 2025 ж. желтоқсан

Жауапты: кафедра

9 ТЫНДАЛДЫ

Заң және тәртіп құқықтық мемлекет идеологиясының негізі ретінде: өзекті мәселелер мен даму перспективалары» республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдарының жинағын талқылау (2025-2026 жжж ЖК жоспарының 40 тармағы)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Төраға: Жалпы заң пәндері кафедрасының бастығы, полиция полковнигі А. Ибраеваға беріледі.

А. Ибраева - 2025 жылғы 30 қазанда жалпы заң пәндері кафедрасы «Заң мен тәртіп құқықтық мемлекеттің идеологиясының негізі ретінде: өзекті мәселелер және даму перспективалары» тақырыбында Республикалық ғылыми-теориялық конференциясын өткізді. Конференция материалдарының жинағы дайындалды.

Конференция материалдарының жинағына ішкі істер органдарының құрылымдық бөлімшелері басшыларының, құқық саласының көрнекті ғалымдары мен ғылыми қызметкерлерінің, тәжірибелі практик-мамандар мен сарапшылардың, отандық жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамының, құқықтану ғылымының алдыңғы қатарлы өкілдерінің ғылыми мақалалары енгізілді.

Сонымен қатар жинақта Қазақстан Республикасының жетекші жоғары оқу орындарының жас ғалымдарының, адъюнкттарының, ізденушілерінің, докторанттары мен магистранттарының, сондай-ақ құқық қорғау органдары жүйесінде қызмет атқаратын мамандардың өзекті зерттеу мақалалары жарияланды.

Ұсынылған материалдар құқықтық мемлекет идеологиясы, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, мемлекеттік басқару, құқық қорғау қызметінің заманауи бағыттары мен мәселелері бойынша теориялық және практикалық тұрғыдан ғылыми талдауларды қамтиды.

Е. Төребеков: Каонференция тиісті деңгейде өтті. Қатысушылар қатысты.

Сонымен қатар аталған сұрақ бойынша – Е. Алдияров; В. Хасанова, М. Найманбаев сөз алды.

Ғылыми кеңес мүшелері – бір ауыздан қорытынды есепті мақұлдады.

Қалыс қалғандар жоқ

ШЕШІМ:

1. 30.10.2025 ж. жалпы заң пәндері кафедрасының ұйымдастыруымен өткізілген «Заң мен тәртіп құқықтық мемлекеттің идеологиясының негізі ретінде: өзекті мәселелер және даму перспективалары» республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдар жинағы мақұлданды.

2. Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдар жинағы басылымға жіберілсін.

Мерзімі: 2025 ж. желтоқсан

Жауапты: кафедра

10 ТЫҢДАЛДЫ

«Құқық қорғау органдарының құқықтық мемлекеттегі заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтудағы рөлі» ғылыми-зерттеу тақырыбы бойынша қорытынды есебін талқылау (2025-2026 жж ФК жоспарының 41 тармағы)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Төраға: Жалпы заң пәндері кафедрасының бастығы, полиция полковнигі А. Ибраеваға берілді.

А. Ибраева - «Құқық қорғау органдарының құқықтық мемлекеттегі заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтудағы рөлі» тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының 2025 жылға арналған ҒЗҚ жоспары бойынша жүзеге асырылды.

Жалпы заң пәндері кафедрасының ұжымы тақырып аясында жыл басынан бері жоспарланған жұмыс көлемін жүзеге асырды.

Зерттеу тақырыбы аясында: Құқықтық мемлекеттегі заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтудағы құқық қорғау органдарының рөліне салыстырмалы талдау жүргізілуде; библиографиялық каталог дайындалып, қазақстандық, шетел

авторларының еңбектері зерделенді; зерттеу тақырыбы аясында Қазақстан тұрғындарының пікірін білу мақсатында сауалнама жүргізілді. Сондай-ақ, кафедра ұжымы ғылыми іс-шараларға қатысып, ғылыми зерттеу аясында ғылыми мақалалар дайындады.

Аталған тақырып аясында оқу құралы әзірленгені және конференция өткендігін атап өтті.

Сонымен қатар аталған сұрақ бойынша – Е. Алдияров; А. Сахарбай және т.б. сөз алып қорытынды есеп талапқа сәйкес екендігін айтты.

Ғылыми кеңес мүшелері – бір ауыздан қорытынды есепті мақұлдады.

ШЕШІМ:

1. «Құқық қорғау органдарының құқықтық мемлекеттегі заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтудағы рөлі» тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу бойынша ұсынылған қорытынды есеп мақұлданды және институт бастығына бекітуге ұсынылды.

2. «Құқық қорғау органдарының құқықтық мемлекеттегі заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтудағы рөлі» ғылыми-зерттеу тақырыбы бойынша қорытынды есебі номенлатуралық іске тіркелсін.

Мерзімі: 2025 ж. желтоқсан

Жауапты: кафедра

11 ТЫҢДАЛДЫ

«Жалпы құқықтық пәндерді оқыту әдістемесі» ғылыми-зерттеу тақырыбы бойынша қорытынды есебін талқылау (2025-2026 жжж ФК жоспарының 42 тармағы)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Төраға: Жалпы заң пәндері кафедрасының бастығы, полиция полковнигі А. Ибраева берілді.

А. Ибраева - ҚР ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының 2025 жылға арналған ғылыми-зерттеу жоспарына сәйкес ЖЗП кафедрасы «Жалпы құқықтық пәндерді оқыту әдістемесі» тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізілгендігін айтты.

Жыл ішінде авторлық ұжым бекітіліп, ғылыми зерттеудің жұмыс бағдарламасы мен күнтізбелік жоспары дайындалып, библиографиялық каталог жасалды. Кафедра қызметкерлері қолданыстағы заңнамаға талдау жүргізді, эмпирикалық материалдар жинады, ғылыми мақалалар жариялады, семинар өткізді.

Сонымен қатар оқу құралы әзірленгендігін көрсетті.

Сонымен қатар аталған сұрақ бойынша – Е. Алдияров; А. Сахарбай және т.б. сөз алып қорытынды есеп талапқа сәйкес екендігін айтты.

Ғылыми кеңес мүшелері – бір ауыздан қорытынды есепті мақұлдады.

ШЕШІМ:

1. «Жалпы құқықтық пәндерді оқыту әдістемесі» тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу бойынша ұсынылған қорытынды есеп мақұлданды және институт бастығына бекітілуге ұсынылды.

2. «Жалпы құқықтық пәндерді оқыту әдістемесі» ғылыми-зерттеу тақырыбы бойынша қорытынды есебі номенлатуралық іске тіркелсін.

Мерзімі: 2025 ж. желтоқсан

Жауапты: кафедра

12 ТЫҢДАЛДЫ

«Кәмелетке толмағандар арасындағы буллингке қарсы іс-қимыл: ұлттық және шетелдік тәжірибе» ғылыми зерттеу тақырыбы бойынша қорытынды есебін талқылау (РФ ИМ Шығыс Сібір институтымен бірлесіп) (2025-2026 жж. FK жоспарының 43 тармағы)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Төраға: ПО әкімшілік қызметі кафедрасының доценті, полиция подполковнигі В. Хасановаға берді.

В. Хасанова – институттың әкімшілік құқық және ПО әкімшілік қызмет кафедрасының 2025 жылғы Ішкі істер органдарының Ғылыми-зерттеу қызметі жоспарының (8-тармақ) негізінде жүргізілуде, бұл Ресей Ішкі істер министрлігінің Шығыс-Сібір институтының әкімшілік құқық және ИМ әкімшілік қызметі кафедрасының бастамасымен жүзеге асырылғандығын, Орындаушылардың: РФШығыс-Сібір ИМ институтының әкімшілік құқық және ИМ әкімшілік қызметі кафедрасының доценті Власова Е.А., Ақтөбе заң институтының әкімшілік құқық және ПО әкімшілік қызмет кафедрасының доценті Хасанова В.В. еңбегін, тақырыптың өзектілігі, мақсатына және атқарылған жұмыстарға тоқталды.

Н. Каирова - Жаһандану үдерістері, ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың дамуының оларды пайдалану мәдениетінен озып кетуінің жалпыәлемдік тенденциясы, отандық заңнаманың жетілмегендігі азаматтардың қауіпсіздігіне бұрын белгісіз болған қауіптердің пайда болуын ынталандырады немесе олардың одан әрі таралуына ықпал етеді. Буллингтің таралуы қазіргі қоғамның дағдарыстық құбылыстарының күшеюіне байланысты: этикалық және адамгершілік стандарттардың бұзылуы, ұлттық сәйкестенудің ішінара жоғалуы, бұқаралық ақпарат құралдарында зорлық-зомбылықтың культісі насихатталуы. Әлеуметтік қатынастардың дисгармониясы өскін ұрпақ үшін аса қауіпті жағдай туғызып, шешімді шаралар қабылдауды талап ететіндігін көрсетті..

Қазіргі заманғы шындық кез келген әлеуметтік ауытқуларды зерттеуде ғылыми негізделген тәсілдердің ерекше ролін көрсетеді. Ғалымдар мен тәжірибе мамандарының күш-жігерін біріктіру қателіктерді болдырмауға, буллингке қарсы тұру тетігін құру мен енгізудегі бар тәуекелдер мен мүмкіндіктерді талдауға мүмкіндік береді.

А. Сахарбай – тақырып бойынша ғылыми мақалалардың жарық көргендігін және бір тарау бойынша зерттеу жұмыстарының әзірленгендігіне тоқталып кетті.

Сонымен қатар сөз алған Н. Саханова, М. Найманбаев тақырыптың маңыздылығына тоқталып өтті.

Кеңес мүшелері бір ауыздан мақұлдауды жөн көрді. Қалыс қалғандар болған жоқ.

ШЕШІМ

1. «Кәмелетке толмағандар арасындағы буллингке қарсы іс-қимыл: ұлттық және шетелдік тәжірибе» ғылыми-зерттеу тақырыбы бойынша қорытынды есебі мақұлданды және институт бастығына бекітілуге ұсынылды.

2. «Кәмелетке толмағандар арасындағы буллингке қарсы іс-қимыл: ұлттық және шетелдік тәжірибе» ғылыми-зерттеу тақырыбы бойынша қорытынды есебі Ресей Федерациясы ИМ Шығыс Сібір институтына жіберілсін.

3. «Кәмелетке толмағандар арасындағы буллингке қарсы іс-қимыл: ұлттық және шетелдік тәжірибе» ғылыми-зерттеу тақырыбы бойынша қорытынды есебі номенлатуралық іске тіркелсін.

Мерзімі: 2025 ж. желтоқсан

Жауапты: кафедра

13 ТЫНДАЛДЫ

«Противодействие буллингу среди несовершеннолетних: национальный и зарубежный опыт» (авт. В.Хасанова) монографиясының 2 тарауын талқылау (2025-2026 жж ФК жоспарының 30 тармағы)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Төраға: ПО әкімшілік қызметі кафедрасының доценті, полиция подполковнигі В. Хасановаға беріледі.

В. Хасанова – институттың әкімшілік құқық және ПО әкімшілік қызмет қызмет кафедрасының 2025 жылғы Ішкі істер органдарының Ғылыми-зерттеу қызметі жоспарының (8-тармақ) негізінде жүргізілуде, бұл Ресей Ішкі істер министрлігінің Шығыс-Сібір институтының әкімшілік құқық және ІІМ әкімшілік қызметі кафедрасының бастамасымен жүзеге асырылғандығын жеткізді.

А. Саттарова – Тақырыптың өзектілігіне тоқталды.

Кәмелетке толмағандар арасында буллингпен немесе зорлық-зомбылықпен күрес қазіргі заманғы қоғамның неғұрлым өзекті және күрделі проблемаларының бірі болып табылады. Буллинг балалар мен жасөспірімдердің психикалық және физикалық денсаулығына зиянды әсер етеді, сондай-ақ жалпы білім беру ортасы мен әлеуметтік ахуалға теріс әсер етеді. ЮНЕСКО статистикасы бойынша жыл сайын әлемде 246 млн. бала мен жасөспірім буллингке ұшырайды. Осыған байланысты, буллингке қарсы іс-қимылдың ұлттық және шетелдік тәжірибесін зерделеу және талдау осы құбылыстың алдын алу мен жолын кесудің тиімді стратегиялары мен бағдарламаларын әзірлеу үшін қажет болып табылады.

Буллинг немесе күйдіру - бір немесе бірнеше адамның неғұрлым әлсіз позициядағы басқа адамға зиян келтіруге бағытталған жүйелі агрессивті мінез-құлқын білдіреді. Бұл проблема іс жүзінде әлемнің барлық елдеріне тән және бүгінгі күні осы жағымсыз құбылысқа қарсы тұрудың оң тәжірибесі бар. Осыған байланысты кәмелетке толмағандар арасында буллингке қарсы іс-қимылдың халықаралық тәжірибесін зерделеу өзекті және орынды болып табылады.

Сонымен қатар сөз алған Н Саханова, М. Найманбаев тақырыптың маңыздылығына тоқталып өтті.

Кеңес мүшелері бір ауыздан мақұлдауды жөн көрді. Қалыс қалғандар болған жоқ.

ШЕШІМ:

1. В.В. Хасанованың «Кәмелетке толмағандар арасындағы буллингке қарсы тұру: отандық және шетелдік тәжірибе» монографиясының «Кәмелетке толмағандар арасындағы буллингке қарсы тұрудың халықаралық тәжірибесі» екінші тарауы мақұлданды.

2. В.В. Хасанованың «Кәмелетке толмағандар арасындағы буллингке қарсы тұру: отандық және шетелдік тәжірибе» монографиясының «Кәмелетке толмағандар арасындағы буллингке қарсы тұрудың халықаралық тәжірибесі» екінші тарауы РФ Шығыс-Сібір ІІМ институтына жіберілсін.

3. В.В. Хасанованың «Кәмелетке толмағандар арасындағы буллингке қарсы тұру: отандық және шетелдік тәжірибе» монографиясының «Кәмелетке толмағандар арасындағы буллингке қарсы тұрудың халықаралық тәжірибесі» атты екінші тарауы кафедрада тіркелсін.

Мерзімі: 2025 ж. желтоқсан

Жауапты: В. Хасанова

14 ТЫНДАЛДЫ

«Криминалистикалық полигон жағдайында криминалистиканы оқытудың заманауи әдістемесі» ғылыми-зерттеу тақырыбы бойынша қорытынды есебін талқылау (2025-2026 жжж ФК жоспарының 44 тармағы)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Төраға сөзді: Қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының бастығы, полиция полковнигі Н. Сахановаға берді.

Н. Саханова - «Криминалистикалық полигон жағдайында криминалистиканы оқудың заманауи әдістемесі» зерттеу тақырыбы бойынша атқарылған жұмыстар туралы ақпаратты жеткізді. «Криминалистикалық полигон жағдайында криминалистиканы оқудың заманауи әдістемесі» ғылыми-зерттеу тақырыбы М.Бөкенбаев атындағы Қазақстан Республикасы ІІМ Ақтөбе заң институтының 2025 жылға арналған ғылыми-зерттеу қызметінің жоспарына сәйкес кафедраның профессор-оқытушылар құрамы жүргізетін ғылыми зерттеу болып табылатындығын айтты.

Т. Қаратаев – аталған тақырыптың өзектілігі мен маңыздылығына тоқталды және курсанттарды оқытуда қажет болатындығын жеткізді.

Сонымен қатар Д. Амангельдиев, А. Ибраева, Е. Алдияров жұмыстың дұрыс жүзеге асырылғандығын атап өтті.

Қорытынды есеп бір ауыздан мақұлданды.

ШЕШІМ

1. «Криминалистикалық полигон жағдайында криминалистиканы оқытудың заманауи әдістемесі» тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу бойынша ұсынылған қорытынды есеп мақұлданды және институт бастығына бекітілуге ұсынылды.

2. «Криминалистикалық полигон жағдайында криминалистиканы оқытудың заманауи әдістемесі» ғылыми-зерттеу тақырыбы бойынша қорытынды есебі номенлатуралық іске тіркелсін.

Мерзімі: 2025 ж. желтоқсан

Жауапты: кафедра

15ТЫНДАЛДЫ

«ҚР ІІМ ведомстволық оқу орындарында арнайы-тактикалық даярлық пәнін оқыту әдістемесін жетілдіру» ғылыми-зерттеу тақырыбы бойынша қорытынды есебін талқылау (2025-2026 жжж ФК жоспарының 45 тармағы)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

Төраға – Сөзді Арнайы тактикалық даярлық кафедрасының доценті полиция подполковнигі Е.Туребековке берді.

Е. Туребеков Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен атқарылған жұмыстарға тоқталды.

Төраға – Зерттеу барысы қандай бағытта жүзеге асырылғандығын сұрады.

Е. Туребеков - зерттеу тақырыбы бойынша отандық және шетелдік әдебиеттерді зерделеу, эмпирикалық материалдарды жинауды жүргізу, зерттеу пәні бойынша дереккөздерді жүйелеу, талдау, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізу, ғылыми мақалаларды, аралық және қорытынды есептерді дайындау, оқу құралын әзірлеп, шығару бағытында орындалғандығын жеткізді.

Сөз алған Н. Саханова, А. Ибраева, А. Мирғалиев атқарылған жұмыстың өз нәтижесіне жеткендігін жеткізді.

А. Мерғалиев - Проблема теориялық пысықтауды жүргізу; отандық және шетелдік әдебиеттерді зерделеу; библиографиялық каталогты құру; эмпирикалық материалдарды жинауды жүргізу, зерттеу нысанасы бойынша нормативтік құқықтық

актілерді жүйелеу, талдау; тақырып бойынша жинақтау материалы бар жұмыс папкасын қалыптастыру, ғылыми мақалалар дайындау нысандарында орындалғандығын жеткізді.

ҚР ІІМ ведомстволық оқу орындарында арнайы-тактикалық даярлық пәнін оқыту әдістемесін жетілдіру» ғылыми-зерттеу тақырыбы бойынша қорытынды есебі кеңес мүшелерімен бір ауыздан мақұлданды.

Қалыс қалғандар жоқ.

ШЕШІМ

1. «ҚР ІІМ ведомстволық оқу орындарында арнайы-тактикалық даярлық пәнін оқыту әдістемесін жетілдіру» тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу бойынша ұсынылған қорытынды есебі мақұлданды және институт бастығына бекітуге ұсынылды.

2. «ҚР ІІМ ведомстволық оқу орындарында арнайы-тактикалық даярлық пәнін оқыту әдістемесін жетілдіру» ғылыми-зерттеу тақырыбы бойынша қорытынды есебі номенлатуралық іске тіркелсін.

Мерзімі: 2025 ж. желтоқсан

Жауапты: кафедра

16 ТЫҢДАЛДЫ

«ҚР ІІМ ведомстволық оқу орындарында жауынгерлік күрес тәсілдерін оқыту, сондай-ақ күш, төзімділік, икемділікті дамыту әдістемесін жетілдіру» ғылыми-зерттеу тақырыбы бойынша қорытынды есебін талқылау (2025-2026 жжж *ҒК жоспарының 46 тармағы*)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Төраға – тақырыптың маңыздылығына тоқтала отырып, сөз кезегін Дене шынықтыру кафедрасының бастығы, полиция полковнигі А. Мерғалиевке берді.

А. Мерғалиев – тақырыптың өзектілігі мен атқарылған жұмыстарға тоқталып өтті.

Сөз алған Н. Саханова, А. Ибраева, А. Мирғалиев атқарылған жұмыстың өз нәтижесіне жеткендігін жеткізді.

«ҚР ІІМ ведомстволық оқу орындарында жауынгерлік күрес тәсілдерін оқыту, сондай-ақ күш, төзімділік, икемділікті дамыту әдістемесін жетілдіру» ғылыми-зерттеу тақырыбы бойынша қорытынды есебі кеңес мүшелерімен бір ауыздан мақұлданды.

Қалыс қалғандар жоқ.

ШЕШІМ

1. «ҚР ІІМ ведомстволық оқу орындарында жауынгерлік күрес тәсілдерін оқыту, сондай-ақ күш, төзімділік, икемділікті дамыту әдістемесін жетілдіру» тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу бойынша ұсынылған қорытынды есебі мақұлданды және институт бастығына бекітуге ұсынылды.

2. «ҚР ІІМ ведомстволық оқу орындарында жауынгерлік күрес тәсілдерін оқыту, сондай-ақ күш, төзімділік, икемділікті дамыту әдістемесін жетілдіру» ғылыми-зерттеу тақырыбы бойынша қорытынды есебі номенлатуралық іске тіркелсін.

Мерзімі: 2025 ж. желтоқсан

Жауапты: кафедра

17 ТЫҢДАЛДЫ

«Қазақстан полициясының болашақ қызметкерлерінің бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру» ғылыми-зерттеу тақырыбы

бойынша қорытынды есебін талқылау (2025-2026 жжж FK жоспарының 47 тармағы)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

Төраға – Сөзді Жалпы білім беру пәндері кафедрасының бастығы Н.Каироваға берді

Н. Каирова - Ғылыми зерттеудің заң институтының 2025 жылға арналған F3Ж жоспарының (14-позиция) негізінде (Ғылыми кеңестің 2025 жылғы 31 қаңтардағы №8 хаттамасы) негізінде жүзеге асырылғандығын жеткізді және бүгінгі таңда тақырыптың толық аяқталғандығын айтты.

Төраға – зерттеу барысында өзге оқу орындарымен байланыс болғандығы жөнінде сұрады.

Н. Каирова – Ақтөбе облысы бойынша жоғарғы оқу орындарымен тығыз байланыс жасалғандығы жөнінде тоқталып өтті.

А. Сахарбай – жұмыстың толық деңгейде аяқталғанды және барлық талқылаулардан өткендігін жеткізді.

Сонымен қатар сөз алған Т. Қаратаев, Н Чупринюк және В. Хасанова зерттеу тақырыбының өзекті тұстарына тоқталып өтті.

Кеңес мүшелері қорытынды бір ауыздан қорытынды есепті мақұлдауды жөн көрді. Қалыс қалғандар болған жоқ.

ШЕШІМ

1. «Қазақстан полициясының болашақ қызметкерлерінің бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру» тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу бойынша ұсынылған қорытынды есебі мақұлданды және институт бастығына бекітуге ұсынылды.

2. «Қазақстан полициясының болашақ қызметкерлерінің бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру» ғылыми-зерттеу тақырыбы бойынша қорытынды есебі номенлатуралық іске тіркелсін.

Мерзімі: 2025 ж. желтоқсан

Жауапты: кафедра

18 ТЫНДАЛДЫ

«Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары (зерттеу тақырыбы аясында мемлекеттік тілде)» оқу құралын талқылау (2025-2026 жжж FK жоспарының 19 тармағы, FK №3 отырысының шешімі)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Төраға – оқу құралының маңыздылығына тоқтала отырып, сөз кезегін жалпы заң пәндері кафедрасының аға оқытушысы, полиция подполковнигі Р. Джигитоваға берді.

Р. Джигитова - Осы оқу құралы «Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары» пәні бойынша құқық қорғау қызметі мамандығы бойынша білім алатын курсанттардың кәсіби дайындығын қамтамасыз етуге арналған. Оқу құралының басты мақсаты – курсанттардың құқық қорғау органдарының құрылымы мен қызметін терең және жан-жақты меңгеруіне жағдай жасау арқылы олардың құқық қорғау саласында сапалы кәсіби дайындығын қалыптастыруға бағытталғандығын жеткізді.

А. Тайшыбаева – оқу құралының маңыздылығына тоқтала келе, оқу құралының курсанттарға құқық қорғау органдарының заңнамалық негіздері, қызметінің принциптері мен мақсаттары, құқықтық мәртебесі мен міндеттері туралы толық ақпарат беретіндігін, курсанттар құқық қорғау органдарының әртүрлі бағыттарындағы – прокуратура, ішкі істер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, мемлекеттік өртке

қарсы қызмет, ұлттық қауіпсіздік және әділет органдары сияқты негізгі салалардағы қызмет ерекшеліктерін үйрететіндігін жеткізді.

Е. Қайнар - Оқу құралының құқық қорғау қызметін жүзеге асыратын қызметкерлердің құқықтары мен міндеттерін меңгеруге, нормативтік-құқықтық актілермен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға бағытталғандығын жеткізді.

А. Сахарбай – оқу құралының талаптарға сай орындалғандығын антиплагиат тексеруінен өткендігін жеткізді.

Оқу құралын мақұлдау және баспаға ұсыну кеңес мүшелерімен қабыл алынды.

ШЕШІМ:

1. Кафедраның аға оқытушылары Р.Н.Джигитова, А.С.Абилова және Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының экстремистік идеологияға қарсы іс-қимыл жөніндегі ҚАЖ мамандарын даярлау орталығының аға оқытушы-әдіскері полиция подполковнигі Г.С.Кузекова дайындаған «Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары» атты оқу құралы мақұлданды.

2. «Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары» атты оқу құралы баспаға жіберілсін.

Мерзімі: 2025 ж. желтоқсан

Жауапты: кафедра

20. «Конституционное право Республики Казахстан (орыс тілінде)» (авт. М. Елеусизова) оқу құралын талқылау (2025-2026 жж ФК жоспарының 21 тармағы, ФК №3 отырысының шешімі)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Төраға –сөз кезегін жалпы заң пәндері кафедрасының аға оқытушысы, полиция майоры М. Елеусизоваға берді.

М. Елеусизова - «Конституционное право Республики Казахстан (орыс тілінде)» (авт. М. Елеусизова) оқу құралының маңыздылығы мен барлық талаптарға сай орындалғандығын жеткізді.

А. Алимпиек – оқу құралының маңыздылығына тоқтала келе, оқу құралының курсанттарға арналғандығын жеткізді.

Н. Каирова - Оқу құралының құқық қорғау қызметін жүзеге асыратын қызметкерлердің құқықтары мен міндеттерін меңгеруге, нормативтік-құқықтық актілермен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға бағытталғандығын жеткізді.

Н. Саханова – оқу құралының талаптарға сай орындалғандығын жеткізді.

Сөйлеген өзге де Кеңес мүшелері Н. Саханова, Л. Жубандыкова құралдың өзектілігі мен құрылымына қатысты ойларын жеткізді.

Оқу құралын мақұлдау және баспаға ұсыну кеңес мүшелерімен қабыл алынды.

ШЕШІМ

1. М. Елеусизованың «Конституционное право Республики Казахстан (орыс тілінде)» тақырыбындағы оқу құралы Ғылыми кеңестің отырысында мақұлданды.

2. М. Найманбаевтың «Конституционное право Республики Казахстан (орыс тілінде)» тақырыбындағы оқу құралы баспаға жіберілсін.

Мерзімі: 2025 ж. желтоқсан

Жауапты: М. Найманбаев

21. Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуы туралы

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Төраға – сөз кезегін Ғылыми кеңестің ғылыми хатшысы полиция полковнигі Т.Қаратаевқа берді және өткен ғылыми кеңестерінің шешімдерінің орындалғаны жөнінде ақпаратты сұрады.

Т. Қаратаев - 2025 жылы 22 қазандағы ҒК №3 отырысымен 23 сұрақ қаралғандығын, 19 сұрақ мақұлданып, бүгінгі таңда шешімдердің толық орындалғандығын жеткізді.

Ғылыми кеңес мүшелері тарапынан сұрақтар. Болған жоқ.

Төраға – барлық Ғылыми Кеңестің шешімдерінің дер кезінде, әрі сапалы, толық болоуы қажет екендігін айтты.

ШЕШІМ

1. №3 Ғылыми кеңестің отырысының орындалуы туралы ақпараты мақұлданды.
2. Ақпарат номенклатуралық іске тіркелсін.

Ғылыми кеңестің төрағасы:

заң ғылымдарының кандидаты, доцент
полиция полковнигі

Ғ. Есболаев

Ғылыми кеңестің ғылыми хатшысы

заң ғылымдарының кандидаты,
полиция полковнигі

Т. Қаратаев